Бекітемін
Ректор

_______________Т.Булдыбаев

«__»____________ 2026 ж.

| | |
|---|---|
| Құжат түрі: | **Ереже** |
| Коды: | **ПР-АКД-04** |
| Құжаттың атауы: | **Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау ережесі** |
| Редакция: | |
| Үдеріс иесі: | **Академиялық даму жөніндегі проректор** |
| Үдеріс: | **Оқу** |
| Қайта қарау мерзімі: | **5 жыл** |
| Қолданысқа енгізілген күні: | 29 04 2026 ж. |

| | Лауазымы | ТАӘ | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|---|
| **Әзірленді** | Қабылдау комиссиясы жауапты хатшысының орынбасары | Касен Н.К. | | 21.04.26 |
| **Келісілді** | Біріктірілген менеджмент жүйесі басқармасының директоры | Газизова Н.А. | | 21.04.26 |
| | Заң басқармасының директоры | Купянская Т.Н. | | 29.04.26 |

| № | Мазмұны | Беті |
|---|---|---|
| 1 | Құжаттың мақсаты | 3 |
| 2 | Құжаттың қолдану саласы | 3 |
| 3 | Сілтемелер | 3 |
| 4 | Терминдер мен қысқартулар | 4 |
| 5 | Жауапкершілік | 5 |
| 6 | Үдерісті орындау тәртібі | 6 |
| 6.1. | Негізгі ережелері | 6 |
| 6.2. | Магистратураға түсушілер үшін қабылдау тәртібі | 8 |
| 6.3. | Докторантураға түсушілер үшін қабылдау тәртібі | 11 |
| 6.4. | Апелляциялық комиссиялардың жұмысы | 14 |
| 6.5. | Келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу | 15 |
| 6.6. | Танысу тәртібі | 15 |
| | 1 Қосымша | 17 |
| | 2 Қосымша | 18 |
| | 3 Қосымша | 19 |
| | 4 Қосымша | 20 |
| | 5 Қосымша | 21 |
| | 6 Қосымша | 22 |
| | 7 Қосымша | 28 |
| | 8 Қосымша | 29 |

## 1. Құжаттың мақсаты

Осы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Алматы Менеджмент Университеті» білім беру мекемесіне (бұдан әрі – AlmaU, Университет) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші талапкерлерді қабылдаудың бірыңғай тәртібі мен шарттарын белгілейді.

Осы құжаттың мақсаты:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетел азаматтарын, азаматтығы жоқ адамдарды және қандастарды қабылдау рәсімдерін реттеу;
- оқуға түсушілерді конкурстық іріктеудің ашықтығын, айқындығын және объективтілігін қамтамасыз ету;
- Талапкерлердің академиялық құқықтарын сақтау және оларды қандай да бір негіздер бойынша кемсітуге жол бермеу.

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Үлгілік қабылдау қағидалары негізінде әзірленді және AlmaU-да жүзеге асырылатын оқытудың барлық нысандары мен шарттарына қолданылады.

## 2. Құжаттың қолдану саласы

Осы Ереженің талаптары оқуға қабылдауды ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

## 3. Сілтемелер

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319–III Заңы (2025 жылғы 16.06-дағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен) (бұдан әрі – Білім туралы заң);
- "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013.04.15 №88-V Заңы;
- "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – БжҒМ) № 600 бұйрығы (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) (қабылдау комиссиясы басталғанға дейінгі соңғы түзетулерді қоса алғанда);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № 190 «Кешенді тестілеуді өткізу ережелерін бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – КТ өткізу ережесі);
- "Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау квотасы көзделетін ауылдың әлеуметтік-

экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары топтарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № 247 бұйрығы;

– Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуіші Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген.

– "Электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің № 1187 бұйрығы;

– Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтардың маманды жұмысқа жіберу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, міндетінен босату немесе өтеу жөніндегі міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 390 қаулысы;

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 "бакалавр" немесе "магистр"дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы бұйрығы;

## 4. Терминдер мен қысқартулар

Осы Ережеде мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) **Талапкер** – осы Ережеде көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адам;

2) **ҚАЗТЕСТ**-Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетел азаматтарының қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі.

3) **Кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ)** – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, бір мезгілде бірнеше оқу пәндері бойынша өткізілетін емтихан нысаны;

4) **Электрондық форматтағы КТ** - әрбір тестіленуші үшін дербес компьютерді пайдалана отырып жүргізілетін тестілеу;

5) **Қағаз форматындағы КТ** – әрбір тест тапсырушы үшін сұрақтар кітабы мен жауап парағын қолдану арқылы өткізілетін тестілеу;

6) **Жеке кабинет** - тіркеуден өткеннен кейін талапкерге Университет сайтында жеке кеңістік ұсынатын дербес онлайн-сервис;

7) **Қабылдау комиссиясы** - жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында құрылған Университет жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

8) **Магистратура және/немесе PhD докторантура бағдарламасы** - жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің академиялық дәрежесі берілген дипломмен расталатын жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасы;

9) **Университет сайты** - Университеттің ресми интернет-ресурсы: www.almau.edu.kz;

10) **ОДАТ** – оқуға дайындығын анықтауға арналған тест.

**11) IELTS** (International English Language Testing System - Ағылшын тілін меңгерудің халықаралық тестілеу жүйесі) – Британ Кеңесі, Кембридж университетінің ESOL бөлімі және IDP Education Pty Ltd тарапынан ұйымдастырылатын, ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

**12) SAT Reasoning Test** (Академиялық қабілеттерді анықтауға арналған емтихан) – АҚШ-тың жоғары оқу орындарына түсу үшін өткізілетін стандартталған тест. Тест студенттердің жоғары оқу орнына түсуге дайындығын бағалауға арналған. SAT Reasoning Test үш бөлімнен тұрады: математика, мәтінді талдау және жазу;

**13) TOEFL** (Test of English as a Foreign Language – Ағылшын тілін шет тілі ретінде білу деңгейін анықтауға арналған халықаралық тест) - Educational Testing Service (ETS) ринстон, Нью-Джерси, АҚШ) әзірлеген ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест. Тесттің форматтары TOEFL iBT (интернет арқылы тапсыру тесті) және TOEFL PBT (қағаз форматындағы тест) болып табылады.

**5. Жауапкершілік**

5.1. **Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы**:

– AlmaU Қабылдау комиссиясының барлық қатысушыларын осы Ережемен таныстыруға;

– осы Ереже талаптарының орындалуын бақылауға;

– қабылдау мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етуге жауапты.

5.2. **Мектеп декандары/институт директорлары**:

– мектеп және орталық қызметкерлерін осы Ережемен таныстыру;

– емтихандарды бірлесіп ұйымдастыру және өткізуге;

– осы Ереже талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге жауапты.

5.3. **Әдістемелік басқармасы**:

– келесі оқу жылына бекітілген білім беру бағдарламалары бойынша деректерді ұсынуға;

– білім беру бағдарламалары бойынша лицензияның болуын және өзектілігін қамтамасыз етуге;

– студенттің оқу үдерісіне қабылдану кезінде академиялық күнтізбені ұсынуға жауапты.

5.4. **Қабылдау комиссиясы кезеңінде рекрутинг бөлімі, консультанттар және маркетинг басқармасы**:

– білім беру бағдарламалары туралы шынайы және нақты ақпарат беруге;

– білім беру бағдарламаларының құны туралы ақпараттандыруға;

– қабылдау науқанын ұйымдастыру және өткізуге жауапты.

5.5. **Ақпараттық технологиялар және цифрландыру департаменті**:

– техникалық хатшыларды, рекрутерлерді және консультанттарды жабдықпен уақтылы қамтамасыз етуге;

– техникалық мәселелер туындаған жағдайда жедел әрекет етуге;

– Platonus ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

– Platonus ақпараттық жүйесіндегі деректердің қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз етуге жауапты.

5.6. **Инфрақұрылым басқармасы:**

– Қабылдау комиссиясы кезінде алаңда техникалық жағдайларды ұйымдастыру және қамтамасыз етуге жауапты.

5.7. **Student Service Centre**:

– басқа жоғары оқу орнынан және/немесе бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауысу мәселелері бойынша дұрыс консультациялар беруге;

- жеңілдіктер мен гранттар беру мәселелері бойынша дұрыс консультациялар беруге;

–ауыстыру ережелеріндегі өзгерістер туралы ақпараттандыруға жауапты.

5.8. **Заң департаментінің директоры:**

– осы Ереженің заңнамаға сәйкестігін келісу және тексеру.

5.9. **Аудармашы** құжаттарды аудару сапасына жауап береді.

5.10. **Әкімшілік-басқару персоналы мен профессор-оқытушылар құрамы** осы Ереже талаптарын орындауға жауапты.

5.11. **Тіркеуші кеңсесі:**

– қабылдау комиссиясының ұсынымдары негізінде бұйрықтар шығаруға;

– қабылдау комиссиясынан актілер негізінде қабылданған студенттердің жеке істерін қабылдап алуға жауапты;

5.12. **Техникалық хатшы:**

- талапкерден құжаттардың толық пакетін қабылдауға;
- дерекқордағы жеке мәліметтер мен қоса берілген құжаттардың дұрыстығын тексеруге;
- құжаттардың толық пакетін, қолхат пен білім беру қызметтерін көрсету туралы шартты қоса отырып, талапкердің жеке ісін қалыптастыруға;
- қабылдау науқаны кезеңінде пайдаланылған электрондық құжаттардың науқан аяқталғаннан кейін сақталуын қамтамасыз етуге;
- қабылданған талапкерлердің жеке істерін қабылдау-тапсыру актілері негізінде Тіркеуші кеңсесінее тапсыруға жауапты.

## 6. Үдерісті орындау тәртібі

### 6.1. Негізгі ережелер

6.1.1. Университетке түскен құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру, қабылдау емтихандарын өткізу және AlmaU-ға студенттерді қабылдау үшін Ғылыми кеңестің шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Оның жұмыс регламенті «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №600 бұйрығына сәйкес әзірленген AlmaU бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау қағидаларымен айқындалады.

6.1.2. Қабылдау комиссиясының құрамына Ректор, проректорлар, мектеп декандары, орталық директорлары, құрылымдық бөлімшелердің өкілдері және профессор-оқытушылық құрам кіреді. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы тиіс.

**Қабылдау комиссиясының функциялары**:

6.1.3. Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобы бойынша таңдау жасауға кеңес беру, сондай-ақ КТ немесе қабылдау емтиханының өткізілу тәртібі туралы ақпарат беру.

6.1.4. Докторантураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) білім беру бағдарламалары тобы бойынша таңдау жасауға кеңес беру және қабылдау емтихандары туралы ақпарат беру;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау және тексеруді ұйымдастырады;

3) ілім беру бағдарламалары топтары бойынша қабылдау емтихандарын өткізуді және олардың нәтижелерін тексеруді ұйымдастырады.

6.1.5. AlmaU жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау Ережелерін әзірлейді, бекітеді және олардың сақталуын қамтамасыз етеді, бұл Ережелер Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасына және Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты қызметтер туралы» Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына негізделеді. Аталған Ережелер жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібін және «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша жоғары оқу орындарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.

6.1.6. AlmaU-да магистранттар мен докоранттарды қабылдау кешенді тестілеу (КТ) немесе қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен жүргізіледі.

Мақсатты даярлау бойынша қабылдау да сол сияқты – конкурстық негізде жүзеге асырылады.

6.1.7. Шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (ЖЖОКБҰ) оқуды аяқтаған, мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде білім алған, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінің тізілімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына кіретін аккредиттеу органдарында мамандандырылған аккредитациядан өткен ұйымдардың дипломдары бар тұлғалар қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын магистратура мен докторантураға түсу кезінде «Шет тілі» (ағылшын тілі) блогы бойынша тестілеуден босатылады. Бұл жеңілдік оқуды аяқтаған сәттен бастап 5 жыл мерзімге қолданылады.

6.1.8. AlmaU білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет салаларындағы уәкілетті органдарға магистратура мен докторантураға мемлекеттік білім беру

тапсырысы бойынша қабылдау туралы қорытынды есепті және оқуға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін 10 күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

6.1.9. **Шетелдік азаматтарды** магистратураға және докторантураға қабылдау ақылы негізде, AlmaU қабылдау комиссиясы жүргізетін сұхбат нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

Шетелдік азаматтарды оқуға қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес, келесі академиялық кезең басталғанға дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

- Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылады.
- Шет тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады;
- Білім туралы құжаттар қабылданғаннан кейін бірінші академиялық кезең ішінде тану рәсімінен өтеді.

6.1.10. MBA және DBA топтары бойынша қабылдауды AlmaU тиісті департаменттері дербес жүзеге асырады.

6.1.11. AlmaU келесі жағдайларда қабылдау жүргізбейді:

1) уәкілетті органның білім беру қызметіне берілген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу немесе одан айыру туралы шешімі болған жағдайда;

2) аккредитацияның болмауы немесе оның қолданысының тоқтатылуы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ұйымдар мен әскери, арнайы оқу орындарын қоспағанда;

3) мемлекеттік бақылау барысында және (немесе) оның нәтижелері бойынша сот процесі кезінде өрескел бұзушылықтар анықталған жағдайында;

4) білім беру бағдарламасының уәкілетті орган бекіткен Білім беру бағдарламалары тізілімінен шығарылуы жағдайында.

**6.2.** Магистратураға қабылдау тәртібі

6.2.1. Магистратураға өтініштерді қабылдау AlmaU қабылдау комиссиясы және (немесе) ҰТО (Ұлттық тестілеу орталығы) ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

**Жазғы қабылдау:**

1) ағымдағы жылдың 1 маусымынан 8 шілдесіне дейін – ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы тіркелу және өтініш беру;

2) кешенді тестілеу (КТ) өткізу – ҰТО белгілеген мерзімдерде;

3) ағымдағы жылдың 15–28 тамызы аралығында – AlmaU-ға оқуға қабылдау;

**Қысқы қабылдау:**

1) ағымдағы жылдың 28 қазанынан 10 қарашасына дейін – ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы тіркелу және өтініш беру;

2) кешенді тестілеу (КТ) өткізу – ҰТО белгілеген мерзімдерде;

3) 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін – AlmaU-ға оқуға қабылдау.

6.2.2. Магистратураға жоғары білім беру бағдарламаларын аяқтаған тұлғалар қабылданады.

6.2.3. Кешенді тестілеу (КТ) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі №190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18657 болып тіркелген).

КТ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) тарапынан арнайы белгіленген пункттерде өткізіледі.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, оның түпнұсқалығы ҰТО-ның ресми сайты арқылы расталады.

6.2.4. Ағымдағы жылдың 25–28 тамызы аралығында магистратураға түсуші тұлғалар қызмет көрсетушіге (AlmaU қабылдау комиссиясы арқылы, бұдан әрі – қызмет көрсетуші) немесе «электрондық үкімет» веб-порталы (www.egov.kz, бұдан әрі – портал) арқылы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көзделген құжаттардың түпнұсқалар пакетін ұсынады. Бұл талаптар осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес айқындалады.

Негізгі талаптар тізбесі қызмет көрсетудің үдерісі, нысаны, мазмұны мен нәтижесінің сипаттамаларын, сондай-ақ оны ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтиды.

6.2.5. Мерзімді әскери қызметті өткерген тұлғаларды магистратураға ақылы негізде қабылдау AlmaU қабылдау комиссиясы жүргізетін сұхбат нәтижелері бойынша қабылдау емтихандарынсыз, күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Оқуға қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

6.2.6. Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар кешенді тестілеуді (КТ) тапсырады, ол мыналарды қамтиды: шет тілі бойынша тест (ағылшын, неміс, француз – таңдау бойынша); білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест; оқуға дайындығын анықтауға арналған тест (қазақ немесе орыс тілінде – таңдау бойынша).

Бейіндік магистратураға түсуші тұлғалар:

- қазақ немесе орыс тілінде оқыту бойынша – білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест және оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті (қазақ немесе орыс тілінде – таңдау бойынша) тапсырады;
- ағылшын тілінде оқыту бойынша – білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша ағылшын тіліндегі тест және оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті (қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде – таңдау бойынша) тапсырады.

6.2.7. Магистратураға түсушілер Еуропалық тілдік құзыреттердің жалпы еуропалық шкаласына (CEFR) сәйкес тіл білу деңгейін растайтын жарамды халықаралық сертификат болған жағдайда шет тілі бойынша тестілеуден босатылуы мүмкін, баллдарды аудару шкаласына сәйкес (№1 қосымша):

**ағылшын тілі:**

- IELTS Academic (International English Language Testing System Academic);
- TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test);

**неміс тілі:**

- DSH (Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang),
- TestDaF-Prufung;

**француз тілі:**

- TFI (Test de Fransais International™),
- DELF (Diplome d'Etudes en Langue fransaise),
- DALF (Diplome Approfondi de Langue fransaise),
- TCF (Test de connaissance du fransais).

Сертификат деректері КТ-ға қатысуға және конкурсқа өтініш беру кезінде енгізілуі тиіс.

Баллдарды аудару білім беру гранттарына қатысуға өтініш беру кезінде немесе ақылы негізде оқуға қабылдау кезінде жүзеге асырылады (1–3-қосымшалар).

6.2.8. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» білім беру бағдарламалары және «Бизнес және басқару» бағыты бойынша оқуға түсушілер GRE сертификаты болған жағдайда шет тілі бойынша тестілеуден және оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен босатылуы мүмкін:

- орыс тілінде оқытылатын ғылыми-педагогикалық магистратураға – белгіленген шкалаға сәйкес (№2 қосымша) GRE (Graduate Record Examinations) стандартизатталған халықаралық тестін тапсырғаны туралы халықаралық сертификаты болған жағдайда.

- қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытылатын бейіндік магистратураға – белгіленген шкалаға сәйкес (№3 қосымша) GRE сертификаты болған жағдайда.

6.2.9. «Бизнес және басқару» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларына түсушілер GMAT (Graduate Management Admission Test) сертификаты болған жағдайда қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытылатын магистратураға арналған кешенді тестілеуден (КТ) босатылады. GMAT сертификаты туралы мәліметтер білім беру гранттары конкурсына қатысуға өтініш беру кезінде немесе ақылы негізде оқуға түсу барысында енгізіледі (№4 қосымша).

6.2.10. Ұсынылған халықаралық сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін AlmaU қабылдау комиссиясы білім беру гранттары конкурсына қатысуға өтініш қабылдау кезінде немесе ақылы негізде оқуға қабылдау барысында тексереді.

6.2.11. Магистратураға түсушілер өтініште бір білім беру бағдарламалары тобын және 3 (үшке дейін) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын (ЖЖОКБҰ) көрсетеді.

6.2.12. Оқуға қабылдау кешенді тестілеу (КТ) нәтижелері бойынша белгіленген шекті баллға қол жеткізген жағдайда жүзеге асырылады:

- ғылыми-педагогикалық магистратураға (қазақ/орыс тілінде оқыту):
- жалпы балл – 150-ден кемінде 75 балл; - шет тілі – кемінде 25 балл;

- бірінші бейіндік пән – кемінде 7 балл;
- екінші бейіндік пән – кемінде 7 балл;
- оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – кемінде 7 балл.

- Бейіндік магистратураға (қазақ/орыс тілінде оқыту):
  жалпы балл – 70-тен кемінде 30 балл;
  - бірінші бейіндік пән – кемінде 7 балл,
  - екінші бейіндік пән – кемінде 7 балл.
- Бейіндік магистратураға (ағылшын тілінде оқыту):
  - Жалпы балл – 70-тен кемінде 30 балл;
  - бірінші бейіндік пән – кемінде 7 балл;
  - екінші бейіндік пән – кемінде 7 балл.

Қосымша: басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар тұлғалар (мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес) немесе бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасы бейіні бойынша кемінде 10 жыл еңбек өтілі бар тұлғалар ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясы өткізетін сұхбат нәтижелері бойынша оқуға қабылдануы мүмкін.

**6.3. Докторантураға қабылдау тәртібі**

6.3.1. Докторантураға өтініштерді қабылдау AlmaU қабылдау комиссиясы және (немесе) Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

***Жазғы қабылдау:***

1) ағымдағы жылдың 3 шілдесі мен 3 тамызы аралығы – ҰТО-да тіркелу және өтініш беру;

2) ағымдағы жылдың 4 тамызы мен 20 тамызы аралығы – докторантураға түсу емтихандары;

3) ағымдағы жылдың 15 тамызы мен 28 тамызы аралығы – AlmaU-ға қабылдау;

**Қысқы қабылдау:**

1) ағымдағы жылдың 25 қазаны мен 10 қарашасы аралығы – ҰТО-да тіркелу және өтініш беру;

2) ағымдағы жылдың 28 қазаны мен 10 қарашасы аралығы – докторантураға түсу емтихандары;

3) 26 желтоқсан мен 10 қаңтар аралығы – AlmaU-ға қабылдау.

6.3.2. Докторантураға «магистр» дәрежесі бар және кемінде 9 (тоғыз) ай еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

Сондай-ақ ғылыми-педагогикалық магистратураны аяқтаған және/немесе кейіннен педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасын меңгерген бейіндік магистратура түлектері де қабылданады.

6.3.3. Құжаттарды тапсыру кезінде талапкер бір университетті және бір білім беру бағдарламалары тобын көрсетеді.

6.3.4. Ағымдағы жылдың 22–28 тамызы аралығында талапкерлер құжаттардың түпнұсқалар топтамасын ұсынады:

- қызмет көрсетушіге (ЖОО қабылдау комиссиясы арқылы) және (немесе)

- www.egov.kz порталы арқылы,

осы Ережеге №6 қосымша болып табылатын Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағына сәйкес.

Тізбе мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын және нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтиды.

6.3.5. Докторантураға түсушілер шет тілін меңгеру деңгейінің B1 (CEFR) деңгейінен төмен емес екенін растайтын жарамды халықаралық сертификат ұсынуға міндетті:

**Ағылшын тілі:**

International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс кемінде 5.0 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ) - кемінде 35 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ) - кемінде 417 балл;

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)) - кемінде 550 балл;

Duolingo English Test (Дуолинго Инглиш тест) - кемінде 80 балл;

**Неміс тілі:**

Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (ДЙСИЭИЧ, ниво B1) - B1 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Prufung Niveau B1 (тестдаф-прюфун ниво B1) (TDF Niveau B1) (ТЙДИЭФ, ниво B1) - B1 деңгейінен төмен емес;

**Француз тілі:**

Test de Français International (Тест де франсэ Интернасиональ) (TFI) (ТФИ) - Оқу және тыңдау бөлімдері бойынша B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue français (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) - B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) - B1 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) - B1 деңгейінен төмен емес.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program) сертификаты бар талапкерлер қабылдау емтихандары басталғанға дейін қосымша тестілеуден өтеді.

6.3.6. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» және «Бизнес және басқару» білім беру бағдарламалары тобына түсушілер GRE халықаралық сертификаты болған жағдайда эссе жазудан және оқу дайындығын анықтауға арналған тесттен босатылады.

Олар тек білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихандық блокты тапсырады. Балдарды аудару №5 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Сертификат деректері өтініш беру кезінде енгізілуі тиіс.

6.3.7. Білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау емтиханы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда (7-қосымша) компьютерлік форматта өткізіледі.

Емтихан мыналардан тұрады:

талапкермен әңгімелесу (20 минут);

эссе жазу және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру (190 минут).

Қорытынды баға эссе, бейіндік сұрақтар және әңгімелесу бойынша алынған балдардың жиынтығы болып есептеледі.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға мүгедектігі туралы құжат болған жағдайда қосымша 60 минутқа дейін уақыт беріледі.

Қабылдау емтихандарының нәтижелері келесі күні жарияланады. Электрондық сертификат талапкердің жеке кабинетінде және Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) сайтында орналастырылады.

4–20 тамыз аралығында өткізілген емтихандардың сертификаты – ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін;

18 қараша – 11 желтоқсан аралығында өткізілген емтихандардың сертификаты – келесі жылдың 1 наурызына дейін жарамды.

6.3.8. Эссе тақырыптары мен бейіндік сұрақтар емтиханға 2 ай қалғанда AlmaU-дың алқалы органымен бекітіледі және AlmaU-дың ресми сайттарында жарияланады.

6.3.9. Компьютерлік форматта өткізілген емтихандардан кейін Ұлттық тестілеу орталығы (ҰТО) бейнежазбаларды 3 (үш) ай ішінде қарап шығады.

Сертификат жойылған жағдайда AlmaU талапкерге бұл туралы хабарлама жібереді.

6.3.10. Әңгімелесу AlmaU тарапынан емтихандық блоктарды тапсырғанға дейін өткізіледі.

Ол міндетті бейнебайланыс арқылы қашықтан жүргізіледі. Бейнежазба кемінде 3 жыл сақталады.

Нәтижелері комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен рәсімделеді.

Әңгімелесуге келмеген жағдайда 0 балл қойылады.

6.3.11. Қабылдау емтихандарын өткізу кезеңінде білім беру бағдарламалары топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады.

Ұқсас бағыттар бойынша бір комиссия құруға жол беріледі.

Комиссиялар университеттің профессор-оқытушылық құрамынан және ғылыми дәрежесі бар (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD)) университет қызметкерлерінен құрылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссия мүшелері кірмейді.

Комиссия құрамы ректордың бұйрығымен бекітіліп, уәкілетті органға жіберіледі.

Жұмыстар жеке код арқылы тексеріледі және нәтижелер ақпараттық жүйе арқылы Ұлттық тестілеу орталығына (ҰТО) жіберіледі.

6.3.12. Ақылы негізде немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдану үшін ең төменгі өту балы – 100 балдан кемінде 75 балл.

6.3.13. Игерілмеген мемлекеттік гранттар, соның ішінде мақсатты гранттар, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет салалары бойынша уәкілетті органдарға қайта бөлу үшін ағымдағы жылдың 5 қыркүйегіне дейін қайтарылады.

**6.4.** Апелляциялық комиссияның жұмысы

6.4.1. Докторантураға түсушілерден апелляцияға өтініш емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күннің сағат 13:00-ге дейін апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке түрде және (немесе) Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

Қарауға мыналар жатады:

- эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар — өтініш берілген күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде қаралады.

Техникалық себеп бойынша апелляция тек тестілеу нәтижесіне әсер еткен нақты қателер болған жағдайда қаралады (мысалы, тапсырма фрагментінің болмауы: мәтін, сызба, сурет, кесте), бұл дұрыс жауапты анықтауды мүмкін етпеген жағдайда.

Бұл ретте өтініште нақты және негізделген фактілер көрсетілуі тиіс.

Компьютерлік форматта өткізілген қабылдау емтиханының мазмұны бойынша апелляция 13:00–13:40 аралығында қаралады. Ұзақтығы – 40 минут.

6.4.2. Апелляция қаралған кезде өтініш берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуға міндетті.

6.4.3. Апелляциялық комиссияның шешімдері комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс комиссия төрағасына тиесілі боладыОтырыстың барысы мен қабылданған шешім комиссия төрағасы және барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

6.4.4. Докторантураға қабылдау кезінде конкурс балдары тең болған жағдайда басымдық мына тәртіппен беріледі:

- білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша қабылдау емтиханынан ең жоғары балл жинаған тұлғаларға;
- балдар тең болған жағдайда — эссе нәтижелері бойынша;
- одан әрі бағдарлама бейініне сәйкес ғылыми жетістіктер ескеріледі:
- соңғы 3 жылда Journal Citation Reports (Web of Science, Clarivate Analytics) жүйесіне кіретін 1–2 квартильдегі ғылыми басылымдардағы жарияланымдар;
- патенттер, ғылыми әзірлемелерге берілген куәліктер;
- ғылыми стипендиялар мен гранттар тағайындалғаны туралы сертификаттар;
- ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар.

**6.5. Келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу**

6.5.1. Осы Ережені келісу «Құжаттамашы» жүйесінде жүзеге асырылады. Келісілгенін растау ретінде қағаз түріндегі құжаттың түпнұсқасына «Құжаттамашы» жүйесінен алынған үзінді қоса беріледі.

6.5.2Бекітілгеннен кейін құжаттар Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тарапынан **ішкі нормативтік құжаттар тізілімінде (РГ-РЕК-01-Ф1)**, «Құжаттамашы» жүйесінде тіркеледі. Тізілімге өзгерістер енгізу құқығы тек Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тиесілі.

6.5.3. Тіркеуден кейін Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы бекітілген құжатты (титулдық парағын қоса) .pdf форматында сканерлеп, кейінгі пайдалану үшін «Documentolog» жүйесіне орналастырады.

6.5.4. Осы Ереже құжаттың тиісті бөлімінде көрсетілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі. Қолданысқа енгізу күні бекітілген күннен өзгеше болуы мүмкін және құжатты енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін қажетті мерзімдерді ескере отырып айқындалады.

6.5.5. Университет қызметкерлері өз қызметінде "Құжаттамашы" жүйесінің ІНҚ электрондық базасында орналастырылған Ережелердің тек қана өзекті редакциясын пайдалануға міндетті.

6.5.6. Университет қызметкерлері пайдалану ыңғайлылығы үшін Ережені ішкі нормативтік құжаттардың электрондық базасынан басып шығара алады. Мұндай қағаз нұсқалар басқарылмайтын болып есептеледі. Қолданар алдында олар "Құжаттамашы" жүйесінде немесе ішкі нормативтік құжаттар тізілімінде көрсетілген соңғы редакциямен салыстырылып тексерілуі тиіс.

"Құжаттамашы" жүйесінде орналастырылған электрондық нұсқаны пайдалану басымдық болып саналады.

**6.6. Танысу тәртібі**

6.6.1. Ереже «Құжаттамашы» жүйесінде бекітілгеннен кейін, тарату тізіміне енгізілген қызметкерлер құжатпен танысу қажеттілігі туралы автоматты түрде хабарлама алады. Танысу жүйеде электрондық түрде тіркеу арқылы расталады.

6.6.2. Тарату тізімі келесі критерийлер негізінде қалыптастырылады:

- жалпы сипаттағы құжаттар Университеттің барлық қызметкерлеріне жіберіледі;
- қолданылу аясы шектеулі құжаттар мазмұны лауазымдық міндеттерімен байланысты қызметкерлерге ғана таратылады.

Тарату тізімі құжатты келісу және бекіту кезеңдерінде нақтылануы мүмкін.

6.6.3. Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы адаптациялық кезеңде, сондай-ақ құжатқа өзгерістер енгізілген жағдайда осы Ережемен қызметкерлер мен білім алушылардың танысуын бақылауды жүзеге асырады.

**6.6.4 Құжатты сақтау, қайта қарау, өзектендіру және өзгерістер енгізу Университеттің ішкі регламенттеріне сәйкес жүзеге асырылады.**

**1 Қосымша**

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат балдарын қазақ немесе орыс тілінде оқытатын **магистратураға** КТ шет тілі сынағы бойынша балдарға аудару шкаласы

| Тест түрі | Балл | Шет тілі бойынша балл |
|---|---|---|
| IELTS | кемінде 6 | 25 |
| | кемінде 6,5 | 30 |
| | кемінде 7 | 40 |
| | кемінде 7,5 | 45 |
| | кемінде 8 | 50 |
| TOEFL IBT | кемінде 78 | 25 |
| | кемінде 93 | 30 |
| | кемінде 101 | 40 |
| | кемінде 109 | 45 |
| | кемінде 114 | 50 |
| DSH, TestDaF-Prufung | B2 деңгейінен төмен емес | 25 |
| | Niveau C1/ C1 деңгейі | 35 |
| | Niveau C2/ C2 деңгейі | 50 |
| TFI,DELF, DALF, TCF | B2 деңгейінен төмен емес | 25 |
| | C1 деңгейінен төмен емес | 35 |
| | C2 деңгейінен төмен емес | 50 |

**2 Қосымша**

**Магистратураға** қазақ немесе орыс тілінде оқыту бойынша GRE стандартына сәйкес халықаралық сертификат балдарын КТ (кешенді тестілеу) балдарына ауыстыру шкаласы

| **Халықаралық стандартталған GRE тесті** | | | Кешенді тестілеу | |
|---|---|---|---|---|
| **Тест бөлімдері** | **"Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларын даярлау бағыттары үшін балдар** | **"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары" білім беру салалары, "Бизнес және басқару"кадрларды даярлау бағыттары үшін балдар** | **Тест түрлері** | **Балдары** |
| **Quantitative Reasoning** | кемінде 155 балл | кемінде 160 балл | Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест | 10 |
| **Analytical Writing** | кемінде 3 балл | кемінде 3 балл | | |
| **Quantitative Reasoning** | кемінде 160 балл | кемінде 165 балл | Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест | 20 |
| **Analytical Writing** | кемінде 4 балл | кемінде 4 балл | | |
| **Quantitative Reasoning** | кемінде 165 балл | кемінде 170 балл | Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест | 30 |
| **Analytical Writing** | кемінде 5 балл | кемінде 5 балл | | |
| **Verbal Reasoning** | кемінде 145 балл | кемінде 145 балл | Шет тілі бойынша тест | 25 |
| **Verbal Reasoning** | кемінде 155 балл | кемінде 155 балл | Шет тілі бойынша тест | 40 |
| **Verbal Reasoning** | кемінде 165 балл | кемінде 165 балл | Шет тілі бойынша тест | 50 |

**3 Қосымша**

Стандартталған GRE тестінің халықаралық сертификатының балын қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытатын **бейінді магистратураға** КТ балдарына аудару шкаласы

| **Халықаралық стандартталған GRE тесті** | | | **Кешенді тестілеу** | |
|---|---|---|---|---|
| **Тест бөлімдері** | **"Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларын даярлау бағыттары үшін балдар** | **"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары" білім беру салалары, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттары үшін балдар** | **Тест түрлері** | **Баллдары** |
| **Quantitative Reasoning** | кемінде 155 балл | кемінде 160 балл | Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест | 10 |
| **Analytical Writing** | кемінде 3 балл | кемінде 3 балл | | |
| **Quantitative Reasoning** | кемінде 160 балл | кемінде 165 балл | Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест | 20 |
| **Analytical Writing** | кемінде 4 балл | кемінде 4 балл | | |
| **Quantitative Reasoning** | кемінде 165 балл | кемінде 170 балл | Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест | 30 |
| **Analytical Writing** | кемінде 5 балл | кемінде 5 балл | | |

**4 Қосымша**

GMAT стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балын қазақ немесе орыс тілінде оқытатын **магистратураға** КТ балдарына аудару шкаласы

| **Халықаралық стандартталған GRE тесті** | | **Кешенді тестілеу** | |
|---|---|---|---|
| **Тест бөлімдері** | **"Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағытына арналған баллдары** | **Тест түрлері** | **Баллдары** |
| **Quantitative Reasoning** | кемінде 40 балл | Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест | 15 |
| **Integrated Reasoning** | кемінде 4 балл | Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест | 30 |
| **Verbal Reasoning** | кемінде 20 балл | Шет тілі бойынша тест | 25 |
| **Analytical Writing** | кемінде 3 балл | | |
| **Quantitative Reasoning** | кемінде 50 балл | Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест | 20 |
| **Integrated Reasoning** | кемінде 6 балл | Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест | 50 |
| **Verbal Reasoning** | кемінде 40 балл | Шет тілі бойынша тест | 35 |
| **Analytical Writing** | кемінде 4 балл | | |
| **Quantitative Reasoning** | кемінде 60 балл | Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест | 30 |
| **Integrated Reasoning** | кемінде 8 балл | Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест | 70 |
| **Verbal Reasoning** | кемінде 60 балл | Шет тілі бойынша тест | 50 |
| **Analytical Writing** | кемінде 5 балл | | |

**5 Қосымша**

GRE стандартына сәйкес халықаралық сертификат балдарын **докторантураға** қабылдау емтиханы балдарына аудару шкаласы

| **Халықаралық стандартталған GRE тесті** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Тест бөлімдері** | **"Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларын даярлау бағыттары үшін балдар** | **"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары" білім беру салалары, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттары үшін балдар** | **Қабылдау емтиханының блоктары** | **Баллдары** |
| **Verbal Reasoning** | кемінде 149 балл | кемінде 145 балл | Эссе жазу | 5 |
| **Verbal Reasoning** | кемінде 160 балл | кемінде 150 балл | Эссе жазу | 7 |
| **Verbal Reasoning** | кемінде 165 балл | кемінде 160 балл | Эссе жазу | 10 |

**6 қосымша**

Негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Қызмет көрсетушінің атауы | Мемлекеттік қызметті жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (ЖЖОКБҰ) (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) көрсетеді |
| 2. | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдау және қызмет көрсету нәтижесін беру мына тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:<br><br>1) қызмет көрсетуші арқылы;<br><br>2) «электрондық үкімет» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы. |
| 3. | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | Қызмет алушылар құжаттар топтамасын қызмет көрсетушіге тапсырған сәттен бастап, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша түсушілер үшін:<br>1) күнтізбелік жылдың 15–28 тамызы аралығында;<br>2) күнтізбелік жылдың 26 желтоқсаны – 10 қаңтары аралығында. |
| 4. | Мемлекеттік қызметті көрсету түрі | Электрондық (ішінара автоматтандырылған), қағаз түрінде |
| 5. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі №39 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша құжаттарды қабылдау туралы қолхат беру және қабылдау емтихандарының қорытындысы бойынша конкурстық іріктеуден өткен тұлғаларды күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы бұйрық шығару болып табылады.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық немесе қағаз түрінде. Қызмет көрсетушіге жүгінген жағдайда нәтижесі қағаз түрінде ресімделеді.<br>Портал арқылы жүгінген кезде қызмет алушының «жеке кабинетіне» білім беру ұйымына қабылданғаны туралы қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат түрінде хабарлама жолданады |
| 6. | Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызмет алушыдан | Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі |

| | | |
|---|---|---|
| | алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері | |
| 7. | Қызмет көрсетушінің және ақпараттық объектілердің жұмыс кестесі | Қызмет көрсетуші: дүйсенбіден сенбіге дейін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, қызмет көрсетушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.<br>Портал: техникалық жұмыстарға байланысты жөндеу үзілістерін қоспағанда, тәулік бойы қолжетімді.<br>Қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары келесі интернет-ресурстарда орналастырылған:<br>1) Министрліктің интернет-ресурсы: www.edu.gov.kz;<br>2) портал: www.egov.kz. |
| 8. | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қызмет алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 1. Магистратураға түсуші тұлғалардан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер: ЖЖОКБҰ-ға жүгінген кезде:<br>1. ЖОО ректорының атына еркін түрдегі өтініш;<br>2. Жоғары білімі туралы құжаттың түпнұсқасы (магистратураға түсу үшін);<br>3. Жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);<br>4. 3х4 см өлшеміндегі екі фотосурет;<br>5. ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысанындағы медициналық анықтама (электрондық форматта).<br>Шектеу шаралары, төтенше жағдай немесе әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген кезде медициналық анықтама білім беру ұйымына осы шаралар алынғаннан кейін ұсынылады.<br>6. Шет тілін меңгергенін растайтын сертификат:<br>**ағылшын тілі бойынша:**<br>• IELTS Academic – кемінде 6.0 балл;<br>• TOEFL IBT – кемінде 60 балл;<br>**неміс тілі бойынша:**<br>• DSH, Niveau C1 – C1 деңгейі;<br>• TDN Niveau C1 – C1 деңгейі; |

| | | |
|---|---|---|
| | | **француз тілі бойынша:**<br><br>• TFI – оқу және тыңдау бөлімдері бойынша B1 деңгейінен төмен емес;<br>• DELF – B2 деңгейінен төмен емес;<br>• DALF – C1 деңгейі;<br>• TCF – кемінде 50 балл.<br><br>7) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);<br>8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (олар бар болған жағдайда). 3), 7) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқада және көшірмеде ұсынылады, салыстырып тексергеннен кейін түпнұсқалары қызмет алушыға қайтарылады.<br>Осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылған жағдайда, ЖЖОКБҰ -ның қабылдау комиссиясы үміткерлердің құжаттарын қабылдамайды. Портал арқылы жүгінген кезде:<br>1қызмет алушының ЭЦҚ-мен (электрондық цифрлық қолтаңбамен) қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) жоғары білімі туралы электрондық құжат (магистратураға түсу үшін);<br>3) шет тілін меңгергенін растайтын электрондық сертификат:<br>ағылшын тілі бойынша:<br>IELTS Academic, кемінде 6.0 балл;<br>TOEFL IBT, кемінде 60 балл;<br>неміс тілі бойынша:<br>DSH, Niveau C1 – C1 деңгейі;<br>TDF Niveau C1 – C1 деңгейі;<br>француз тілі бойынша:<br>TFI – оқу және тыңдау бөлімдері бойынша B1 деңгейінен төмен емес;<br>DELF - B2 деңгейінен төмен емес;<br>DALF - C1 деңгейі;<br>TCF – кемінде 50 балл;<br>4) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);<br>5) 3х4 сантиметр өлшеміндегі цифрлық фотосурет;<br>6) ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысанындағы медициналық анықтама (электрондық форматта);<br>Шектеу шаралары, төтенше жағдай енгізілген немесе әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, медициналық анықтама осы шаралар алынғаннан кейін білім беру ұйымына тікелей ұсынылад;<br>7) Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда). |

Жеке басты куәландыратын құжат, жоғары білімі туралы құжат, медициналық анықтама, сондай-ақ медициналық білім беру бағдарламалары бойынша «дәрігер» біліктілігінің бар екендігін растайтын құжат туралы мәліметтер тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы қызмет көрсетушіге ұсынылады.

Портал арқылы жүгінген кезде қызмет алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраудың қабылданғаны туралы ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түріндегі хабарлама жіберіледі.

Қызмет алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі

2. Докторантураға түсуші тұлғалардан талап етілетін құжаттар ЖЖОКБҰ-ға жүгінген кезде:

1) Білім туралы құжат (қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқа);
2) Жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);
3) Мемлекеттік тіл бойынша емтиханды (ҚАЗТЕСТ) тапсырғаны туралы Ұлттық тестілеу орталығы берген ресми сертификат (шетел азаматтарынан басқа);
4) Шет тілін меңгергенін растайтын сертификат:

ағылшын тілі бойынша:

IELTS Academic, шекті балл – кемінде 5.0;

TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 35 балл;

TOEFL ITP, шекті балл – кемінде 417;

TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл - кемінде 550;

Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тест), шекті балл - кемінде 80;

неміс тілі бойынша:

Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (ДЙСИЭИЧ, ниво B1) - B1 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Prufung Niveau B1 (тестдаф-прюфун ниво B1) (TDF Niveau B1) (ТЙДИЭФ, ниво B1) - B1 деңгейінен төмен емес;

француз тілі бойынша:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернасиональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау бөлімдері бойынша B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue français (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) - B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) - B1 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) - B1 деңгейінен төмен емес.

6) ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысанындағы медициналық анықтама (электрондық форматта).

Шектеу шаралары, төтенше жағдай енгізілген немесе әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, медициналық анықтама осы шаралар алынғаннан кейін білім беру ұйымына тікелей ұсынылады;

| | | |
|---|---|---|
| | | 7) 3x4 сантиметр өлшеміндегі 6 цифрлық фотосурет<br>8) Кадрлар есебі бойынша жеке парақша немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат, жұмыс орнының кадр қызметімен расталған; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, шетел азаматтарынан басқа;<br>9) Соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізімі (бар болған жағдайда), зерттеу жүргізу жоспары және эссе;<br>10) алдын ала іріктеу нәтижелері (денсаулық сақтау білім беру саласы бойынша).<br>4), 5) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқа және көшірме түрінде ұсынылады, салыстырып тексергеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.<br>Осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылған жағдайда, ЖЖОКБҰ -ның қабылдау комиссиясы үміткерлердің құжаттарын қабылдамайды.<br>Портал арқылы жүгінген кезде:<br>1) қызмет алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) жоспарланған диссертациялық зерттеудің электрондық негіздемесі, шетелдік немесе отандық ғылыми кеңесшімен келісілген;<br>3) білімі туралы электрондық құжат;<br>4) Ұлттық тестілеу орталығы (ҰТО) берген мемлекеттік тіл бойынша емтиханды (ҚАЗТЕСТ) тапсырғаны туралы ресми сертификат;<br>5) шет тілін меңгергенін растайтын электрондық сертификат:<br>Ағылшын тілі бойынша:<br>IELTS Academic, шекті балл – кемінде 5.0;<br>TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 35 балл;<br>TOEFL ITP, шекті балл – кемінде 417;<br>TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл - кемінде 550;<br>Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тест), шекті балл - кемінде 80;<br>Неміс тілі бойынша:<br>Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (ДИСИЭИЧ, ниво B1) - B1 деңгейінен төмен емес;<br>TestDaF-Prufung Niveau B1 (тестдаф-прюфун ниво B1) (TDF Niveau B1) (ТЙДИЭФ, ниво B1) - B1 деңгейінен төмен емес;<br>Француз тілі бойынша:<br>Test de Français International (Тест де франсэ Интернасиональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау бөлімдері бойынша B1 деңгейінен төмен емес;<br>Diplome d'Etudes en Langue français (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) - B1 деңгейінен төмен емес;<br>Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) - B1 деңгейінен төмен емес; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) - В1 деңгейінен төмен емес.<br>6) 3х4 сантиметр өлшеміндегі 6 цифрлық фотосурет;<br>7) ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысанындағы медициналық анықтама (электрондық форматта);<br>Шектеу шаралары, төтенше жағдай енгізілген немесе әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, медициналық анықтама осы шаралар алынғаннан кейін білім беру ұйымына тікелей ұсынылады.<br>8) Электрондық еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін));<br>9) Соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізімі (бар болған жағдайда), зерттеу жүргізу жоспары және эссе;<br>Жеке басты куәландыратын құжат, жоғары білімі туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны аяқтағаны туралы куәлік жөніндегі мәліметтер тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы қызмет көрсетушіге ұсынылады.<br>Портал арқылы жүгінген кезде қызмет алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраудың қабылданғаны туралы ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түріндегі хабарлама жіберіледі.<br>Қызмет алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі. |
| 9. | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері | Қызмет көрсетуші мемлекеттік қызмет көрсетуден келесі негіздер бойынша бас тартады:<br><br>1) мемлекеттік қызмет алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталуы;<br><br>2) қызмет алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі. |
| 10. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар, оның ішінде электрондық түрде және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін қызметтер бойынша | 1) Қызмет алушының құжаттар пакетін тапсыру үшін күту уақытының ең көп рұқсат етілетін уақыты – 15 минут;;<br>2) Қызмет алушыға қызмет көрсету уақытының ең көп рұқсат етілетін уақыты – 15 минут (тәжірибені ескере отырып).<br>Қызмет алушы электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық түрде алады.<br>Қызмет алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қолжетімді режимде қызмет көрсетушінің анықтамалық қызметтері және Бірыңғай байланыс орталығы арқылы ала алады.<br><br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қызмет көрсетушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz және Бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.<br><br>Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777. |

| | |
|---|---|
| | |

**7 қосымша**

## Докторантура білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

| Білім беру бағдарламасы тобының коды | Докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының атауы |
|---|---|
| D072 | Менеджмент және басқару |
| D074 | Қаржы, банк ісі және сақтандыру ісі |
| D075 | Маркетинг және жарнама |

Докторантураға түсу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

| Тест түрлері | Балдары |
|---|---|
| ЖОО-ның емтихан комиссиясы жүргізетін талапкермен сұхбат (әңгімелесу) | 30 |
| Эссе | 20 |
| Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан | 50 |
| Барлығы | 100 |

**8 қосымша**

Қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын магистратураға кешенді тестілеудің 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

| Тест түрлері | Тапсырмалар түрі | Тапсыру тілі | Тест саны | Балл | Шекті балл |
|---|---|---|---|---|---|
| Шет тілі бойынша тест | Тыңдалым Лексикалық-грамматикалық тест Оқу | Ағылшын / Неміс / Француз | 50 | 50 | 25 |
| Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест | Бір дұрыс жауапты таңдау түріндегі тест тапсырмалары | Қазақ / орыс | 30 | 30 | 7 |
| Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест | бірінші бейінді пән бойынша | Қазақ / орыс | 30 | 30 | 7 |
| | екінші бейінді пән бойынша | Қазақ / орыс | 20 | 40 | 7 |
| Барлығы | | | 130 | 150 | 75 |

Шкала 70-балльной системы оценок для комплексного тестирования в профильную магистратуру казахским или русским языком обучения

| Тест түрлері | Тапсырмалар түрі | Тапсыру тілі | Тест саны | Балл | Шекті балл |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест | бірінші бейінді пән бойынша | Қазақ / орыс | 30 | 30 | 7 |
| | екінші бейінді пән бойынша | Қазақ / орыс | 20 | 40 | 7 |
| Барлығы | | | 50 | 70 | 30 |

Ағылшын тілінде оқытылатын бейіндік магистратураға кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

| Тест түрлері | Тапсырмалар түрі | Тапсыру тілі | Тест саны | | Балл | Шекті балл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест | бір дұрыс жауапты таңдау арқылы | Ағылшын | 30 | | 30 | 7 |
| | бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау арқылы | Ағылшын | 20 | | 40 | 7 |
| Барлығы | | | 50 | | 70 | 30 |